



Өндірістегі қауіпсіздік талаптары күшейтіледі

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының қауіпті өндіріске тартылған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев жаңа тәсілдер және еңбек қауіпсіздігі саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Кеңеске еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, сондай-ақ цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлері қатысты.

Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы аясында нысандарды цифрландыруды ескере отырып, нормативтік-құқықтық актілер қайта қаралады, өнеркәсіп қауіпсіздігін, ғылымды дамытуды және тиісті орталықтар құруды қамтамасыз ететін нысандарға қойылатын, сондай-ақ мемлекеттік еңбек инспекторының кадрлық әлеуеті мен құқықтық мәртебесін арттыру жөніндегі талаптар күшейтілді.

Қазіргі уақытта өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша жекелеген талаптар қайта қаралып жатыр. Осылайша, азаматтық қорғау туралы заң жобасы шеңберінде апаттық-құтқару қызметтеріне қойылатын талаптар қатаңдатылады, өндірістік бақылау стандарттары күшейтілуде, қауіпті өндірістік нысандар иелеріне жабдықтарды жаңарту және жаңғырту бойынша жаңа міндеттер көзделген.

Сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандары паспорттарын жасауға, апаттарды есепке алуды және басқа да үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін «Е-ӨҚК» ақпараттық жүйесін іске қосу жоспарланып отыр.

Премьер-министр өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы бақылау тетігіне ерекше назар аударды. Төтенше жағдайлар министрлігі ӨҚМ және ЕХӨҚМ-мен бірлесіп, тексеру қорытындысы бойынша өнеркәсіптік нысандар меншік иелері мен басшыларының қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жауапкершілігін күшейту жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар министрліктерімен бірлесіп, өнеркәсіп қауіпсіздігі шараларын уақтылы қаржыландыру үшін жер қойнауын пайдаланушылардың тау-кен жұмыстарын талдау жүргізіп, бақылауға алуы қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс, Төтенше жағдайлар министрліктері газдар шығарындыларымен байланысты тәуекелдерді азайту үшін шахталарды алдын ала газсыздандыру нормативтерін әзірлеуі қажет.

ЦДИАӨМ отандық IT-мамандармен бірлесіп, өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жаңа шешімдер әзірлеу тапсырылды.

ФИФА вице-президенті Шандор Чаныи ҚФФ кеңсесіне келді

Халықаралық футбол федерациясы (ФИФА) және вице-президенті Шандор Чаныи Қазақстан футбол федерациясының (ҚФФ) кеңсесіне ресми сапармен келді.

Іс-сапар барысында Федерация президенті Марат Омаров Шандор Чаныиге ҚФФ кеңсесінде таныстыру экскурсиясын өткізіп, федерацияның қызметі туралы баяндады. Сондай-ақ Футбол үйіндегі манежді көрсетті.

Кездесу барысында тараптар Қазақстанда футболды дамыту, ФИФА және УЕФА ұйымдарымен ынты-

мақтастықты нығайтудың маңызын атап өтті. Бұған қоса, футбол бастамаларын жүзеге асыруда өзара қолдау көрсету қажеттігі жайлы өзекті мәселелерді талқыланды.

Шандор Чаныи жаңадан ҚФФ президенті болып сайланған Марат Талғатұлының қызметімен құттықтап, екіжақты ынтымақтастықтың жемісті болатынына сенім білдірді. Сондай-ақ ФИФА мен УЕФА Қазақстанда футболдың дамуын жан-жақты қолдауға дайын екенін ерекше атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент Әлихан Смайыловты қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жоғары аудиторлық палатаның былтыр атқарған қызметінің қорытындылары мен осы жылға арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Президентке былтыр 214 нысанда құны шамамен 11 триллион теңгені құрайтын 27 аудиторлық іс-шара өткізілгені туралы баяндалды. Соның нәтижесінде жалпы сомасы 862 миллиард теңге болатын түрлі нормалардың бұзылғаны анықталды. Тексерістердің қорытындысы бойынша бюджетке 135 миллиард теңге қайтарылды. Бұл 2023 жылы өтелген қаржыдан бес есе артық.

Мемлекет басшысына құрылыс нысандарындағы баға

қалыптастыру, өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру, ауыл шаруашылығын субсидиялау ісінде олқылықтар үнемі байқалатыны айтылды.

Жоғары аудиторлық палата барлық анықталған заң бұзушылықты жою үшін Үкіметке ұсыным беріп, жауапты мемлекеттік органдарға нұсқама жолдаған.

Әлихан Смайылов биыл 40-тан астам аудиторлық іс-шара өткізу жоспарланғанын жеткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астана және Алматы қалалары, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Жамбыл облыстары, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қоры,

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы, KEGOC кәсіпорыны, Ұлттық банк, Төтенше жағдайлар министрлігі бюджеттерінің орындалуы тексеріледі. Сонымен қатар ғылым, қорғаныс, құқықтық тәртіпті сақтау, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету, орман шаруашылығы салаларында аудиторлық тексерістер жүргізіледі.

Кездесу соңында Президент мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар бюджет қаржысының игерілуін тиімді бақылау үшін заманауи цифрлық шешімдерді енгізудің маңызына назар аударды.

Қазақстанда зейнетақы мен жалақы мөлшері өседі

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин Сенаттағы Taldaу Talks подкастында қосылған құн салығының өсуі, оның Қазақстандағы бюджет пен инфляцияға әсеріне қатысты сауалдарға жауап берді.

Үкімет қосылған құн салығы бойынша шекті соманы 15 миллион теңгеге дейін төмендетіп, 16% мөлшерлемені таңдады.

-Заң бойынша біз инфляция деңгейінде зейнетақыны, мемлекеттік қызметкерлердің, мұғалімдердің және дәрігерлердің жалақысын өсіруге тиіспіз. 20 пайыздық мөлшерлеменен бұл 800 миллиард теңге болады. 16 пайыздық мөлшерлемеден ол 500-550 миллиард теңге арасында болады. Атаулы әлеуметтік көмектің де мөлшерін көбейтеміз. Қазір ол 200 мың адамға 40-45 миллиард теңге көлемінде. Тұрғын үй көмегіне қатысты, тарифтер бағасы көтерілуінің орнын толтыру үшін оның да мөлшерін ұлғайтамыз,-деді Жұманғарин.



Алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды

+870 деп басталатын нөмірден хабарласса алмаңыз, қайта қоңырау шалмаңыз. «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ қазақстандықтарға осындай үндеу жасады.

Мамандар бұл кодтардың теңізге, әуеде және шалғай аймақтарда қолданылатын анықтаған.

Алайда алаяқтар осы нөмірлердің Қазақстандық нөмірлерге ұқсастығын пайдаланып, тұрғындарды алдауға көшкен. Сол үшін жеке ақпаратты, SMS кодтарын немесе банк картасының деректерін ешкімге бермеуді ескертеді.



Аудандық ардагерлер кеңесінің кезекті VII Пленумы өтті

Созақ ауданында аудандық ардагерлер кеңесінің кезекті VII пленумы өтті. Пленумға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев, сондай-ақ аудандық бөлім, мекеме басшылары мен аудан тұрғындары қатысты.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов Мемлекет басшысының «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген тақырыпта берген сұхбаты мен 2024 жылы ардагерлер кеңесінің атқарған жұмыстарын және алдағы уақытта

жоспарлап отырған іс-шаралары жөнінде мәлімет берді.

Өз кезегінде сөз алған аудан ардагерлері атқарылған жұмыстарға жоғары бағаларын беріп, ардагерлер кеңесінің жұмысын алға қарай дамытуға бағытталған ұсыныстарын білдірді. Ұсыныс-пікірлерін ашық әрі жан-жақты айтып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлестері мен тәжірибелерін ортаға салды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ардагерлердің елдің бірлігі мен қоғамның тұрақтылығы жолында атқарып жатқан еңбектеріне жоғары баға беріп, алғысын білдірді.

Ардагерлердің еліміздің дамуына қосқан үлесі мен тәлімгерлік рөлінің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев сөз сөйлеп, ардагерлер кеңесінің жұмысына қолдау көрсетіп, ардагерлердің қоғамдағы орны мен рөліне ерекше тоқталды.

Жиын соңында күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, аудандық ардагерлер кеңесінің пленум мүшелері дауысқа салып, қаулы қабылдады. Бұған қоса қоғамдық шараларға белсене атсалысқан бірқатар ардагерлер марапатталды.

«МАЗУТ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» ОТЫН САҚТАУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент кентінде болып, «Мазут шаруашылығы» отын сақтау қоймасының жай-күйімен танысты. Жұмыс барысын бақылауына алды. Жауаптыларға тасымалдау жұмыстарын назарда ұстауды тапсырып, жылуға қатысты нақты талаптар қойды.

Еске сала кетсек, биылдан бастап Таукент және Қыземшек кенттеріндегі жылу жүйесі толықтай сыйық отынмен, яғни мазутпен қамтамасыз етілуде. Жылу мауысымының соңына



дейін мазут қоры жеткілікті. Қазіргі таңда Таукент кентінің жылу қазандығында 291,416 тонна мазут және Қыземшек кентінің қазандықтарында 319,817 тонна мазут қоры бар.

Сонымен қатар, «Мазут шаруашылығы» отын сақтау қоймасында 2050 тонна мазут қоры сақталуда. Тасымалдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Бүгінде кент тұрғындарына жылу температуралық кестемен тұрақты түрде беріледі.

Аудандық полиция бөлімі өткен жылы атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық полиция бөлімінің 2024 жылы аудан көлемінде қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша жүзеге асқан іс-шаралар, сондай-ақ алдағы уақытта жоспарланған міндеттер мен бастамалар жөнінде есеп беру жиыны өтті.

Жиынды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Мұратов хабарлама жасап, өткен жылы атқарылған жұмыстар мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қабылданған шаралар туралы кеңінен баяндады. 2025 жылға арналған жоспарларымен

бөлісті. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының тиімді жүзеге асырылуына ерекше тоқталды.

Жиында аудан тұрғындары өздерінің көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Қоғамдық қауіпсіздік, жол-көлік оқиғаларының, ұрлықтың және басқа да қылмыстардың алдын алу мәселелері қозғалды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қоғам қауіпсіздігін сақтауда полиция қызметкерлерінің орны ерекше екенін атап өтіп, еңбектерін жоғары бағалады. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстарды ширата түсу қажеттігін айтты.

Мемлекеттік қолдау бағдарламалары түсіндірілді

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтың тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік қолдау бағдарламаларды кәсіпкерлерге кеңінен түсіндіру мақсатында арнайы жұмысшы топ құрылып, оның

көрсетілетін қолдаулардың маңыздылығын атап өтті. Қазіргі уақытта экономиканы дамыту үшін кәсіпкерлікті қолдау мен ауыл шаруашылығы саласын жаңғыртудың үлкен рөлі бар екенін жеткізіп, бұл бағыттағы жұмыс-



құрамының бекітілуі туралы шешім қабылданды. Тапсырма аясында жұмысшы топ мүшелері ауданға іссапармен келіп, кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесуде аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ауылшаруашылығы мен шағын және орта кәсіпкерлік салаларын дамытуға қатысты мемлекет тарапынан

тардың тиімділігі жөнінде пікірін білдірді.

Жұмысшы топ аудан кәсіпкерлеріне мемлекет тарапынан ұсынатын түрлі гранттар мен жеңілдетілген несиелер туралы толық ақпарат берді. Жиынға қатысушылар сауалдарын жолдап, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу жолдары мен шарттары туралы кеңестер алды.

Жалпыаудандық сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жалпыаудандық сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілікке барлық мекемелер мен аудан тұрғындары белсене қаты-

сып, тазалық шарасына қолдау көрсетті.

Сенбілік барысында саябақтар, ішкі көшелер және ауыл маңындағы сай-сала тұрмыстық қалдықтардан то-

лықтай тазартылды. Сонымен қатар, арнайы техникалармен көше бойлары мен аяқжолдар да тазаланып, көркейту жұмыстары жүргізілді.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған сенбілікке 5000-нан астам аудан тұрғыны мен 29 техника жұмылдырылды. Сенбілік жұмыстары барысында 40 шақырым көше бойы және 22 шақырым аяқжол тазартылды. Нәтижесінде, 140 тоннадан астам күл-қоқыс шығарылды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Жансая презентация түрінде түсіндірме жасады. Осы ретте, М.Маметова жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологы Жүнісбекова Жанзира «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту» тақырыбы бойынша слайд аясында ағарту-түсіндірме жасап өтті. Ал, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің психологы М.Оралбек

Ауданымызда тәжірибелік семинар болып өтті

Қазақта: «Үш күндігін ойламаған ерден без» деген даналық сөз бар. Халқымыз жиі айтатын қанатты сөзде келгеніндей, еліміздің болашағы балаларымыз екені даусыз. Міне, сол балаларымызға білім менен тәрбие беретін мекемелердің жұмысын жүргізетін, қадағалайтын жауапты ұжым-аудандық білім бөлімінің де жүйелі жұмыстарын үнемі газетіміздің бетінде жариялап, насихаттап жүргенімізді білесіздер. Сондай соны істердің бірі ақпан айының 18 күні М.Маметова атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында жүзеге асты. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына консультациялық және әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету» тақырыбында өткен аудандық семинардың мақсаты:

Білім беру ұйымдарындағы педагог-психолог мамандарының қызметіне әдістемелік қолдау көрсету, мектептегі білім алушылардың келеңсіз жағдайларының алдын алу және оларға психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсету, өзара кәсіби қызметтестікті нығайту, практикалық жұмыстар мен өзара тәжірибе алмасу еді. Аталған семинар бойынша әдістемелік кабинет әдіскері Ерденова

«Ерекше білімді қажет ететін балалардың дискриминациясын жоя отырып, жайлы орта қалыптастыру» тақырыбында психологтарға тренинг сабақ жүргізді. Сондай-ақ, қарабұлақ шағын жинақты бастауыш мектебі педагог-психологы М.Ташенова «Девиянтты және деликвентті мінез-құлықтың негізгі ұғымдары мен жіктелуі» тақырыбында презентациямен таныстырды. Ал енді, «Қауіпті шекара: Жасөспірімдердің тәуекелді мінез-құлық және оны түзету жолдары» тақырыбы бойынша Ф.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологы С.Атаханова тренинг жүргізді және жаттығу жүргізу барысында психологтарды ұйымдастыра отырып кері байланыс жасай алды. Сонымен қатар, Әдістемелік кабинетінің әдіскері Ерденова Жансая «Әуен және қимыл қозғалыс» тақырыбында би-терепиясын жүргізе отырып кері байланыс жасады. Семинар барысында педагог-психологтар кіріс шығыс сауалнамасын толтырды. Психологтар арасында ұйымдастырылған психологиялық қызметтік көрмесін көріп, өзара тәжірибе алмасты.

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл



2025 жылдың 14 ақпаны күні Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ ұжымы, «AMANAT» партиясы «Таукент» БПҰ төрағасы Есмұрзаев Ерланның ұйымдастыруымен Таукент кентінде тұратын Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті. Таукент кентінен екі азамат Отан алдындағы парызына адалдық танытып, әскер құрамында ауған соғысына қатысқан.

Кездесуге Ауған соғысының ардагерлері Омарбекұлы Бегалы, Керімбеков Серік, Шаймерденов Пернебек ағалары-

мыз, мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысты. Кездесуге келген ардагер қонақтар өмірлерінің бір тарауы болып өткен сұрапыл соғыс туралы айтып, сол жылдарды еске алып, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді. Кездесу барысында Ауған соғысы туралы бейнеролик көрсетіліп, мектептің өнерлі оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылды. Мектеп оқушылары рухты көтерер патриоттық әндерді тарту етті. Тағылымды кеш барысында Ауған соғысына қатысып, отбасына оралмаған азаматтарды еске алып, қиындыққа толы сол бір жылдар туралы көріністер көрсе-

тілді. Шараның негізгі мақсаты да Ауған соғысы жайлы мәлімет беріп, ардагерлермен ашық сұхбаттасу. Сонымен қатар, Отан үшін от кешкен, патриоттық рухы жоғары жауынгер ағалардың ерлігін үлгі етіп, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым ету болатын.

Ауған соғысы-жүректе жазылмайтын, тарихта ерекше орын алаған сәт. Мазмұнды шарада мектеп директоры Алшынбеков Айдархан Мұратұлы ертеңгі ел болашағы жастар екенін және Ауған соғысы ардагерлеріне жас буынды патриоттық тұрғыда тәрбиелеуде ерен еңбектері әрдайым үлгі екендігін айтып, еңбек ете берулеріне тілектестігін білдірді.

Сондай-ақ, мектептің суретші оқушылары тақырыпқа сай суреттер салып, өз туындыларын ардагер ағаларымызға естелікке табыс етті. Кездесу соңында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға ардагер ағалар тұжымды жауаптар беріп, мектеп ұжымы мен оқушыларына өз алғыстарын білдірді. Өз кезегінде, ардагер ағаларға мектеп ұжымы тарапынан естелік сыйлықтар табыс етілді.

Арман ШОҒҒАРАЕВ,
Сүгір Әліұлы атындағы
мектептің АӘЖТД пәнінің
мұғалімі.

1 наурыз-Алғыс айту күні мерекесі қарсаңында 460 отбасыға 3 тонна алма үлестірілді

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесі қарсаңында «Dala-Fruit» ЖШС демеушілігімен аудандағы аз қамтылған, мүгедектігі бар балалар мен пробация есебінде тұрған азаматтарға және атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасыларға, сондай-ақ жалғыздікті қарттардан тұратын 460 отбасыға 3 тонна алма үлесті-

терең түсінуге ұмтылып отырмыз. Біздің компанияның басты мақсаты – ауыл шаруашылығында озық технологиялар мен әлемдік деңгейдегі тәжірибені қолдана отырып, сапалы өнім өндіру және қоғамға пайдалы болу. Бүгінгі таңда біз аудан тұрғындарына 3 тонна алма үлестіріп, кішкентай болса да көмегімізді көрсет-



рілді. Қолдауға ие болған отбасылар мен азаматтар игі іске ымыты болған компанияға шынайы алғыстарын білдірді.

Аталған компания өкілі Нұрсұлтан Нәжметдинов алдағы уақытта да осындай шараларды ұйымдастырып, қоғамға кішкентай болса да үлес қосуға дайын екендіктерін жеткізді.

«Алғыс айту күні-бір-бірімізге шын жүректен алғыс айтып, жақсылық жасауға мүмкіндік беретін мереке. Біз өз тарапымыздан аудан тұрғындарына көмек көрсету арқылы бұл мерекенің мәнін

тік. Алдағы уақытта да осындай шаралар ұйымдастырып, елдің әл-ауқатын жақсартуға үлес қосуға дайынбыз»,-деді.

Айта кетсек, «Dala-Fruit» ЖШС жалпы ауданы 500 гектар алқапты құрайтын алма бақтары мен кең ауқымды өндіріс орнын басқаруда. Компанияның жалпы өндірістік қуаты жылына 8000-10000 тонна алманы құрайды. Заманауи технологиялар мен әлемдік деңгейдегі озық тәжірибелерді пайдалана отырып, жоғары сапалы өнімдер шығаруда.

Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.

Алғыс білдіреміз!

Қажы атамыз кітаптар сыйлады



Аққолтық ауылдық кітапханасында өткен шараның орны бөлек. Қасиетті жұма күні Аққолтық ауылы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Ырысбайұлы Бекберген қажы ағамыз ауылдық кітапханаға арнайы ат басын бұрып келді. Әрине, ағамыз құр келген жоқ. Ауыл жастары оқысын деп балалар әдебиетінен бірнеше ондаған кітаптарды табыс етті. Ұзақ жылдар білім саласында ағартушылық жұмыстарымен айналысқан ардагер ұстаздың айтары көп. Ауыл жұртшылығы мен балғын оқырмандарымыз атынан көпке үлгі өнеге көрсетіп жүретін Бекберген ағамызға үлкен алғысымызды білдіргім келеді.

Қатира ИСАҚОВА,
Аққолтық ауылының кітапханашысы.

Созақ ауданында дүниеге келіп, алғаш еңбек жолын аудандық «Молшылық үшін» газетінен бастаған жерлесіміз Болат аға Шайманов туралы біраз жылдардан бері сырттай ғана білетін едік. Есімі арагидік әр жерлерде айтылып қалатын. Ойпыр-ай өткен жолы да Шымқалада бір топ қаламгерлердің ортасындағы шағын әңгіме үстінде Болат ағамыз туралы ауданымыздың емес, өзге аумақтың азаматы «Сіздің ауданның жігіті бар ғой, Шайманов Болат деген журналист!» деген сәтте «Ол кісіні аздау білетін едім» деп айтуға ыңғайсыздандым. «Қалай білмейді?» деп айтады ма деп. Содан бері Болат ағамызбен жолығуды ойлап жүр едім. Әр істің сәтін салу құдайдың ғана қо-

өмірлік қағидасына айналдыра білген Болат Шайманұлының азаматтық болмысы бүгінгі өскелең ұрпақ пен жалынды жастар үшін нағыз тәлім мен тәрбиенің мектебі іспетті.

Болат Шайманов 1948 жылы 31 желтоқсанда Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында туған. 1966 жылы осы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті үздік бітіреді. Замандастарының, ауылдастарының айтуынша бала Болаттың он бес жасынан бастап жазған, сызған шағын мақала, өлеңдері өңірлік баспасөзде жариялана бастайды. Талапты жастың еңбек жолы да қаламына қуат берген аудандық «Молшылық үшін» газетінен бастау алады.

Балғын тәтті балалық



пеген өлеңдерін алдыртатынбыз. Жерлесіміз, Чехословакияның халық батыры атанған, ұшқыш Құрал Рүстемов туралы жазған «Ақиық» дастаны республикалық байқауда бас жүлдеге ие болып сол дастанын 1969 жылы 9 мамырда аудандық газетте жариялады.

Туған жездем, марқұм Исаев Өміртай сол жылдары Жартытөбе совхозының директоры болатын. Сол үйде созақтық, әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы Керімбек Сыздықовпен танысып, Алматыда жиі хабарласып тұрдық. Созақ елі-кіндік қаным тамған, бабаларым мәңгілік жер бесік өткен туған мекенім. Ол қай жерде жүрмейін әрқашан менің жадымда тұрды. Бәрі де күні кеше ғана сияқты

Тәкен туған топырақтың перзенті

лында ғой таяуда Исаев Әкімжан досым хабарласып: «Мәке, сізді бір кісі іздеп жатыр еді? Телефон нөміріңізді берейін бе? –дейді ғой биязылығы мен мәдениеттілігін танытып. Сұраған кісі Болат аға болып шығады ғой! Міне, іздегенге табылған деген осы емес пе? Созақ десе екеу болмаса да бір бүйрегі бүлкілдеп тұратын, тағдырдың айдауымен ауданнан тыс өңірде еңбек етіп жүрген жерлес бауырларымыз баршылық.

Сондай тұлғалардың қатарында Болат аға Шаймановтың есімі көпшілік ортада ерекше аталады десек, артық айтқаным емес.

Қазақ журналистика тарихында өзіндік орны бар, журналистер қауымының арасында ерекше құрметке ие, еңбекқорлығымен қатар, ізденімпаздығын біріктіре отырып, газет беттерінде көкейтесті мәселелерді қозғай білген Болат Шайманов көзі қарақты оқырманға жазушы-журналист әрі заңгер ретінде де етене таныс. Бүгінде кәсіпкерлікпен айналысып жүрген Болат Шайманұлы сан салалы істерге көмек қолын созып келе жатқан жомарт жан-дар қатарында. Жаңатас қаласы мен Сарысу аудандарының тұрғындары бірнеше балама кандидаттардың арасынан ел өміріне тікелей араласып жүрген танымал жазушы-журналисті Жамбыл облыстық мәслихатының депутаты етіп сайлады. Халық үмітін ақтауға ұмтылған ол ел мүддесі жолында ақиқаттың жаршысы бола білді. Қай жерде жүрмесін елмен етене жүріп, елдің сөзін сөйлеуді өзінің

шағы мен жарқылдаған алмастай жалынды жастық күндері өткен Созақ өлкесі туралы Болат аға тебірене еске алды:

–Менің әкем Ахметов Шайман аудандық жол жөндеу, пайдалану мекемесінде көп жылдар еңбек етті. Елеулі еңбектерінің жемісі ретінде сол кезеңдегі «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орден-

Аудандық «Молшылық үшін» газетінде 1966-1977 жылдар аралығында қызмет атқардым. Сол жылдары газетте бас редактор болып Шернияз Серімбетов, Тәуекел Бектаев және Ескермес Жақанов, белді қызметкерлер Кәрібай Әмзеев, Қасымжан Өмірұлы, Елеусіз Мұратов секілді журналистермен қызметтес болдым. Ол кездерде аудандық партия комитеті

дың. Созақтан шыққан саңлақ ақын-жазушылар Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов, кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетовтермен қазақ әдебиеті мен киносының жай-күйі, беталысы туралы жиі әңгімелесетін едік. Өнер саласында жерлестеріміз шертпе күйдің шеберлері Төлеген Момбеков, күйші Генерал Асқаровтармен сұқбаттасып көлемді мақалалар

еді...-деп Болат аға киелі Созақ жері мен оның құрыш білекті тұрғындары туралы ойымен бөліскені бар.

Жиырма төрт жасында, яғни, 1972 жылы КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданады. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика, заң факультеттерін бітірген. Оқудан соң ол Жамбыл облыстық «Ақ жол» (бұрынғы «Еңбек туы») газетінің кенді қалалар Жаңатас, Қаратау және Сарысу, Талас аудандарындағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарады. Таңдаулы журналистік жұмыстары түрлі бәйгелерде жеңіп шығып, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атағын бірнеше мәрте иеленді. Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері. 1991 жылы Болат Шайманұлы Жамбыл облысы Жаңатас қалалық «Қаратау кеншісі» «Горняк Каратау» атты қос тілде шығатын газеттің бас редакторлығына тағайындалады. Депутаттық әрі редакторлық қызметте де абыройлы істер атқарып, халық арасынан табыла білген азамат өзіне жүктелген міндеттерді қалтқысыз атқарды деуге болады.

Жас ұрпақтың бесік тәрбиесін түзеу және де оқырман қауымның елге, жерге, тарихқа, білімге, өнерге, ғылымға, тілге, дінге деген салықалы көзқарасын қалыптастыру мақсатында жазылған жүздеген ойлы да мағыналы мақалалары республикалық газет-журнал беттерінде жиі жарияланды.



дерімен, «Еңбек ардагері» және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталған азамат болатын. Әкемнің жақын туыстарының бірі Ерман Ембергенов ұзақ жылдар аудандық тұтынушылар одағының төрағасы болып қызмет еткен кісі.

үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Дулат Тұранов, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Балтабек Ботанов ағаларымызбен, сондай-ақ аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған Қабылбек Еспенбетовпен қызмет бабында жиі араласып тұр-

жаздым. Биыл 80 жылдығы атап өткелі жатқан ақын Жеңіс Қарғабаев бізден 2-3 жас үлкендігі бар аға тұтар азамат еді. Бас редакторымыз Шерағаның тапсырмасымен Жеңіске хабарласып Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында мерекелік нөмірге сиясы кеп-

Әлі де жарияланып келеді. Болат Шайманұлының қаламынан туған «Тіл-ұлттың ортақ қазынасы» «Әр адамның таразысы-оның ары», «Ар мен Ақша», «Жастарымыз ойланса екен», «Тас жүрек ұл, қатыгез келін, мұңлық ана», «Құрсақтағы сәбидің «киллерін» кім тоқтатар?», «Саны артқан сұр бойдақтар», «Елге қызмет етудің парыз!», «Ұрпақ қамы- ұлт қамы екені есте болса...», «Ұлттық мектепті қалыптастырудың амалдары», «Оралмандар немесе қандас-тарға бауырмалдық көзқарас қажет», «Қойдың құлағынан қорқатын ұрпақ», «Қазақ қыздарының қытайға шығуы неге жиіледі?» атты мақалалары «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Жас алаш» газеттері арқылы республика оқырмандары арасында жиі талқыланып, қоғамдық пікірдің тууына түрткі болды.

Сондай-ақ, салауатты өмір салтын ұстанудың өзекті мәселелері жайлы «Жүз жасаймын десең-жүгір!» атты мақаласы да оқырмандар арасында қызығушылық тудырып, кеңінен талқыланды.

Ардагер журналист ұлғайған жасына қарамастан, әр күн сайын таңғы жаттығуын жасап, он шақырымға жүгіруді әдетке айналдырған. Алматыда өткен 40 шақырымға жүгіруден өткізілген марафондарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Салауатты өмір салтын ұстана-мын деген жастарға кейіпкеріміздің осынау іс-әрекеті, өмір-жолы-үлгі өнеге. Қайраткер журналистің әрбір жариялаған мақалалары мен жарық көрген кітаптары және жетекшілік етуімен түсірілген кинофильмдерінде ұлт және ұлттық идея, мемлекет және ел мүддесі, мемлекетшілдік сананы қалыптастыру, нарық экономикасы, ұрпақтар сабақтастығы сияқты қадау-қадау өзекті мәселелер терең талданып, ойға қомақты қозғау салады.

Бұл дегеніңіз кез-келген мәнді де, мағыналы салаға қызығушылықпен қарайтын кейінгі жастар үшін рухани қазына. Өйткені, қазақ халқының мүддесі мен мемлекеттік мүдденің тәжірибелі журналист әрі киногер санасында бір ұғымға айналғанын көзі қарақты оқырмандар мен көкірегі ояу көрермендер терең сезінеді.

1970 жылдан бастап Болат Шайманұлының мақалаларынан бөлек, көркем шығармалары республикалық басылымдарда жарық көре бастады. Ол «Қазыналы Қаратау», «Қаратау қаһармандары», «Есептей білген ұтады», «Атамекен», «Жаралы жүрек», «Тағдыр», «Кертөлғау» атты бірнеше көсемсөз және өлең кітаптарының авторы. Түркияның Анкара қаласынан «Өмір шындығы» деп аталатын тағы бір кітабы жарыққа шықты. Сонымен қатар, жүздеген очерктер мен эсселер, әдеби сын мақалалар жазды. «Көкжалдар» атты көркем кино-фильмнің директоры,

әрі продюсері болды. Бұл көркем фильмде қатыгездік пен ізгілік, қайырымдылық пен мейірімділік және адамдар бойындағы қайтпас қайсарлық пен тектілік, жалпы елдік, ұлттық мүдде жайында терең философиялық ой, идея қозғалады.

Өйткені, түркі тектес халықтар өздерін «Көкбөріден тарағанбыз, Көкбөрінің ұрпағымыз» деп санайды. Болат Шайманұлына жазушылық, әрі журналистік саладағы елеулі еңбектері үшін, халықаралық «Қазақ елі» газеті бас редакторының орынбасары әрі «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып жүрген кездерде жазған публистикалық мақалалары үшін оған «Ана тілі саңлағы» атағы беріледі. Сонымен қатар, ол Орта Азия мен Қазақстан өнер фестивальдерінің, жыр мұшайраларының жеңімпазы. «Сорос-Қазақстан» халықаралық қоры сыйлығының жүлдегері. Аударма саласында да өнімді еңбек еткен Б.Шайманұлы орыс, өзбек, қырғыз, түркімен, ұйғыр ақындарының өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетеді. Осы саладағы еңбектеріне орай, ол халықаралық «Нәзір қоры» сыйлығының лауреаты атанды.

Болат Шайманұлының мұрындық болуымен бір топ журналистер «Ұлылыққа тағзым» жаяу сапарын ұйымдастырып, Абай мен Жамбылдың 150 жыл-

өз кәсібін дөңгелентіп отыр. Қарт кәсіпкер оншақты жылдан бері Ұлттық мәдени шаралардың өтуіне, жас өнерпаздарға, отандық кино түсіруші режиссерлерге және жағдайы төмен отбасыларға қаржылай қолдау жасап келеді.

Жыл сайын «Мектепке барар жол» акциясы бойынша ондаған қамқорсыз қалған балаларға көмек қолын созуда. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өздері сүйіп оқитын газет-журналдарын жаздырып алуларына әр жыл сайын қолдау көрсетеді. 2016 жылдың қазан айында шыққан «Қазақстан» телеарнасындағы «Айтуға оңай» бағдарламасына материалдық зәрулік көрген мүмкіндігі шектеулі жас қыздарға дер кезінде қаржылай көмектескендігі де нағыз азаматтық еді. Сол қыздардың ішінде созақтық Гүлхия Жуашбаева да бар болатын.

«Мені осы хабарға қатысып, қолыңыздан келген көмегіңіз болса берерсіз, деп тележүргізуші, журналист, марқұм Бейсен інім Құранбек шақырған болатын. Студияға барғанымда бір топ мүмкіндігі шектеулі қыздардың ішінен Гүлхия қарындасымның Созақ ауданынан, оның ішінде Қайнар ауылынан екенін естіп, біліп қатты толқидым. Қандай өнерлі, білімді қыз! Осылайша Гүлхиямен жақын сөйлесіп, қолымнан келгенінше бар көмегімді

бағдарламасында мені көріп, назарыңызға алып есіңізде сақтап қалғаныңызға дән ризамын. 2017 жылы Еуразия Ұлттық университетіне магистратураға түскен кезімдегі жатақхана ақысын өз міндетіңізге алып, төлеп бергеніңізді ешқашан ұмытпаймын. Маған айтпай биылда есеп шотыма жатақхана ақысын салып жіберіңіз. Көзі көрмейтіндерге арналған сөйлейтін, бүкіл мағлұматтарды оқып беретін, менің диссертация жазуыма үлкен көмегіңіз көрсетіп жатқан, бағасы 500 000 мың теңге тұратын ноутбукты алып бергеніңізге шексіз ризамын. Кейде ойлайтынмын, осы ноутбук менің арманым болып қалар ма екен? Немесе әйтеуір бір қолымды жеткізерме екенмін деп, тағдырлас достарымнан көргенде қатты қызығатынмын. Ал осы құралдың менде барына әлі сенбей жүрмін. Сол себепті осы сәтті пайдаланып өз қолыммен сіз сыйлаған ноутбукпен хат жазуды жөн көрдім. Әрқашан, әр кез, әр уақытта деніңізге саулық, отбасыңызға береке-бірлік тілеймін. Ел назарында жүрегі жомарт, жаны жайсаң, жан бейнесінде қалуыңызға шын жүрек-

мат. Баспасөз саласындағы көп жылғы үлгілі еңбегі және қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін Жамбыл облысының әкімі мен облыстық мәслихатының «Құрмет Грамоталарымен» марапатталды. Жамбыл облысы әкімі сыйлығының иегері болды.

Журналист, ақын Сарысу ауданы мен Жаңатас қаласының «Құрметті азаматы». Сондай-ақ, ел тәуелсіздігіне қосқан ерен еңбегі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Еңбек ардагері», Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медальдарымен марапатталған.

Адам баласы үшін ұлт алдындағы қызметтің үлкен кішісі болмайды. Әркім хал-қадірінше еңбек етеді, сол еңбегі арқылы ұлт жұмысына үлесін қосады. Болат Шайманұлы да сондай тұлғалардың қатарындағы қарапайым жан.

Созақ жұртшылығына айтар тағы бір жаңалығымыз Болат аға соңғы жылдары кинофильм түсіру ісімен толыққанды айналысып келеді. Ол кісінің «Бұлттар көшкенде» атты көп сериалды фильмі қазіргі таңда қоғамда үлкен таралымға ие болуда. Көрермен қауым ютуб интернет желісі арқылы көруіне болады. Бұл фильмнің Бөкең әрі сценарий жазушы, әрі директоры. Сонымен қатар, бұл фильмге дейін «Көкжалдар», «Әйгерім», «Кеш келген маххабат», «Астанаға көктем кеш келеді», «Жаралы сезім» деген бес фильмі көрермендеріне жол тартқан болатын. Оның бәрі сіздерге кеңінен танымал фильмдер. «Елші қыз» атты фильмі 10 наурыздан бастап еліміздің кинотеатрларында көрсетіле бастайды.

Сонымен бірге биылғы жылы Созақ көтерілісіне (1930 жылы 7 ақпан) 95 жыл. Болат аға осыдан бірнеше жылдар бұрын «Созақ көтерілісі» атты деректі хикаят жазуды бастаған екен. «Алла қаласа повестің нүктесін қойып, баспаға ұсынатын күнде жақын» дейді ағамыз. Тарихи деректі кітап жыл соңына дейін қолымызға тиіп қалар. Алдағы уақытта ағамыздың басшылығымен Созақ тарихына, Созақ көтерілісіне қатысты деректі фильм жарыққа шығып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Және ол фильм Созақтың топырағында түсіріліп жатса тіпті керемет тарихи дүние туар еді..

Болат ағамыз қандай құрметке болса да лайықты, сондай биік, пайым парасатты, қайырымды, жомарт азамат ретінде Құрметті азаматтар қатарынан көретінімізге кәміл сенімдеміз.

Киелі Созағымыз бар да оның сол даламыздай кең, паң, дархан, ақ жарма көңілді, ақ пейіл жүректі азаматтарының қатары да арта берері анық! Тек баршамыз аمانдықта болайық!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**



дығы, М.Әуезов пен Қ.Сәтбаевтың 100 жылдығы және Түркістан қаласының 1500 жылдығы қарсаңында ұлылардың туған жерлерінде болып қайтқан. Бұл акцияға республиканың белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, жазушылар, ғалымдар, журналистер және тағы да басқа зиялы қауым өкілдері қатысқан еді. Осы сапарлары жөнінде Болат Шайманұлы бірнеше жолсапар очерктерін жазып, баспасөз беттерінде жариялады. Осы еңбегі бағаланып, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі тағайындаған «Алтын қауырсын» жүлдесіне де ие болды.

Бүгінгі таңда сексен жасты бетке алған республикалық дәрежедегі зейнеткер, жеке кәсіпкер ретінде

аямаймын деп туған қызым санатында бауырыма бастым. Әлі күнге дейін хабарласып, жай күйін, отбасының амандығын біліп отырамын,-дейді Болат ағамыз ағынан жарылып.

Саламатсыз ба Болат әке!

Білмеймін, бұл хатқа қалай қарайтыныңызды. Бірақ жүрекжарды алғысымды ақ қағазға түсіруді жөн көрдім. Менің өмірімде әртүрлі жағдайлар орын алуда. Кейде жақсы жағдай да, жаман жағдай да бар. Ақ пен қара жарысқандай. Дөңгеленіп өтіп жатқан өміріміздің бір қақтығысында сізбен танысқанымға өте қуаныштымын. "Айтуға оңай"

тен тілектеспін. Елімізде сіз секілді жомарт жандар көп бола берсін!

Гүлхия Жуашбаева.

2010 жылдың тамызында шыққан «Жас алаш» газетінің №66 санында «Ұлттық рух» әдеби сыйлығының арнайы есепшотына алғашқы ақша да түсті» деген тақырыппен көлемді мақала жариялаған еді. Сол мақалада Болат Шайманұлының ең бірінші болып халқымыздың аса көрнекті әрі тағдырлы жазушысы Қажығұмар Шабданұлына тапсырылуға тиісті «Ұлттық рух» әдеби сыйлығының есепшотына бір айлық зейнетақысын аударып ел алғысына ие болған аза-

Проводится конкурс по передаче в аренду земель сельскохозяйственного назначения по Созакскому району

В соответствии с подразделами 21-21 со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства по 7 (семи) лотам.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 01апреля 2025 года, 10-00 часов село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №14, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 13марта 2025 года до 31марта 2025 года (заканчивается 31.03.2025 год 16-00 часов) село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №40, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об акфилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала “электронного правительства”.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись “Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства” и “Не вскрывать до 01.04.2025 года до 10-00 часов”. (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 01.04.2025 года.

СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабтың 21-22 тармақшасына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын 7 (жеті) лот бойынша қайта өткізілетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2025 жылы 01сәуір сағ 10 - де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №14 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2025 жылдың 13наурызынан – 31наурызына дейін (31.03.2025 жыл сағ: 1600 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №40 үй, «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде “Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс” және 01.04.2025 жылғы сағ 1000- ге дейін ашуға болмайды” (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 01.04.2025 жыл.

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабтың 21-22 тармақшасына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурсты қайта жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
1	жайылым	3000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты	6	мал шаруашылығы	49
2	жайылым	2560	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты	6	мал шаруашылығы	49
3	Суармалы егістік	13	Созақ	сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	21	егін шаруашылығы	49
4	жайылым	415	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9	мал шаруашылығы	49
5	суармалы егістік	42	Шолаққорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8	егін шаруашылығы	49
6	жайылым	424	Шолаққорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	1,3	мал шаруашылығы	49
7	жайылым	135	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	17	мал шаруашылығы	49

Суармалы егістік 55 га, жайылым 6534 га: Барлығы 6589 га

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты қайта өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Аудан агроқұрылым басшыларына!

2025 жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына 5% жеңілдікпен несие бөлінуде. Несие «Кең Дала-2» бағдарламасы аясында қаражат бөлініп, Созақ ауданында «Ырыс» МҚҰ» ЖШС бойынша іске асырылады.

Созақ ауданы бойынша уәкілетті орны Шолаққорған ауылы «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы».

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер жылдық 5 пайыздық мөлшерлемен несие ала алады. Несие мерзімі – 12 айға дейін.

Несие бөлінетін дәнді-дақылдар тізімі:

Қ/С	Дәнді-дақыл атауы	1 гектерға лимит, теңгемен
1	Бидай	71 611
2	Арпа	65 470
3	Сұлы	61 620
4	Тары	51 106
5	Күздік қара бидай	79 180
6	Қарақұмық	55 874
7	Жүгері	198 680
8	Күріш	261 851
9	Ас бұршағы	87 115
10	Жасымық	85 345
11	Қант қызылшасы	394 580
12	Мақта	283 029
13	Күнбағыс	81 658
14	Мақсары	60 346
15	Соя	107 648
16	Рапс	61 080
17	Зығыр	69 803
18	Қыша	56 701
19	Нут	55 498
20	Картоп	496 350
21	Көкөніс	395 298
22	Бақша	237 173
23	Сүрлемге арналған жүгері	114 625
24	Көпжылдық шөп	57 045
25	Біржылдық шөп	41 266

Жеке кәсіпкер және шаруа қожалықтары (шаруашылықтары) үшін қажетті құжаттар тізімі

1. Жеке куәлік/паспорт, жұбайының жеке куәліктері, неке куәлігі, ортақ пай үлестерінің жеке куәліктері;
 2. Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеуі туралы Талон;
 3. ШЖҚ мүшелері туралы салық органынан анықтама (түпнұсқа);
 4. Бюджетке қарызы бар немесе жоқтығы туралы салық органынан анықтама (түпнұсқа);
 5. Ауыл әкімдігінен ұсыныс 3 жылдық егін екендігі туралы анықтама;
 6. Ұсынылған кепіл заттарына құқықты растайтын құжаттар (көшірмесі және түпнұсқалары);
 7. Ұсынылған кепіл мүлігінің арестте жоқтығын/барлығын растайтын анықтама (түпнұсқа);
- Қосымша ақпарат алу үшін: 8-700-658-69-48 К.Еркеғали
8-702-895-05-24 Е.Бақдаулет.

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі №15 мекен жайында 2025 жылдың ақпан айының 28 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларының және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46) - 4 - 26 - 74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады.

Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

**А.КУЛМЕНОВ,
Зертхана меңгерушісі.**

Хабарландыру

«БК «Инкай» ЖШС «Түркістан облысы Созақ ауданындағы Инкай уран кен орнының №1 учаскесіндегі қызметті жою жоспары» (уран өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындау мерзімдерін, шарттарын және құнын бағалау) бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама Бірыңғай экология порталда жарияланған <https://ecportal.kz>. Жария талқылау тыңдаулар 06.03.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Бастамашы: «БК «Инкай» ЖШС, ҚР, Шымкент қ., Қонаев к-сі, 80 ғим., БСН телефон: 960340001136, тел. +7 7252 997 182, e-mail: info@budenovskoe.kztabisheva@inkai.kz. Жобалаушы: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ. Жароков к., 314 «А» үй, Тел: 8 (727) 339-36-01. Жоспар бойынша ақпарат алуға болатын және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыстар: 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын келесі мекен-жайы бойынша бере алады: Түркістан қ., Жаңа Қала ықш. ауд., 32 көш., 20 ғимарат, «Түркістан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8-72533-6-38-45, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Объявление

ТОО «СП «Инкай» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений на «План ликвидации деятельности на участке №1 уранового месторождения Инкайв Сузакском районе Туркестанской области» (оценка сроков, условий и стоимости выполнения работ по ликвидации последствий добычи урана).

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>. Публичные обсуждения состоятся с 06.03.2025 г. и в течение 10 рабочих дней на сайте Единый экологический портал. Инициатор – ТОО «СП «Инкай», БИН: 960340001136, г.Шымкент, пр.Кунаева, зд.80, телефон: +7 7252 997 182, e-mail: tabisheva@inkai.kz.

Проектировщик: ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г.Алматы, ул. Жарокова, 314 «А» Тел: 8 (727) 339-36-01. Контакт по которым можно получить информацию по плану и ознакомились с копией документов: 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

Замечания и/или предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: г.Туркестан, Микрорайон Жаңақала, улица 32, здание 20. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». тел. 8-72533-6-38-45, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зхлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Рес-

спубликасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас – жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге

де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Еліміздің өркеніетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, өтек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тамыры тереңнен жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

**А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.**

Сексеуіл-құм көшкінінің қорғаны

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұрады ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

**Абзал АБДАШИМ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетшісі-қорықшысы.**

Заңдылықты сақтайық!

Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың шыар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сұрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанытын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алқаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

**Қуан МЫРЗАКЕРІМОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетшісі-қорықшысы.**



muftyat.kz

Рамазан

Ораза кестесі

2025

Һижри 1446 жыл

ШОЛАҚОРҒАН

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	1 Наурыз	05:41	06:57	12:39	16:29	18:15	19:31
2	Жексенбі	2 Наурыз	05:40	06:55	12:38	16:30	18:16	19:32
3	Дүйсенбі	3 Наурыз	05:38	06:54	12:38	16:31	18:17	19:33
4	Сейсенбі	4 Наурыз	05:36	06:52	12:38	16:32	18:19	19:34
5	Сәрсенбі	5 Наурыз	05:35	06:50	12:38	16:33	18:20	19:36
6	Бейсенбі	6 Наурыз	05:33	06:49	12:38	16:34	18:21	19:37
7	Жұма	7 Наурыз	05:31	06:47	12:37	16:35	18:22	19:38
8	Сенбі	8 Наурыз	05:30	06:45	12:37	16:36	18:24	19:39
9	Жексенбі	9 Наурыз	05:28	06:43	12:37	16:38	18:25	19:41
10	Дүйсенбі	10 Наурыз	05:26	06:42	12:37	16:39	18:26	19:42
11	Сейсенбі	11 Наурыз	05:24	06:40	12:36	16:40	18:27	19:43
12	Сәрсенбі	12 Наурыз	05:22	06:38	12:36	16:41	18:29	19:45
13	Бейсенбі	13 Наурыз	05:21	06:36	12:36	16:42	18:30	19:46
14	Жұма	14 Наурыз	05:19	06:34	12:35	16:43	18:31	19:47
15	Сенбі	15 Наурыз	05:17	06:33	12:35	16:44	18:32	19:48
16	Жексенбі	16 Наурыз	05:15	06:31	12:35	16:45	18:34	19:50
17	Дүйсенбі	17 Наурыз	05:13	06:29	12:35	16:46	18:35	19:51
18	Сейсенбі	18 Наурыз	05:11	06:27	12:34	16:47	18:36	19:52
19	Сәрсенбі	19 Наурыз	05:09	06:25	12:34	16:47	18:37	19:54
20	Бейсенбі	20 Наурыз	05:07	06:24	12:34	16:48	18:39	19:55
21	Жұма	21 Наурыз	05:05	06:22	12:33	16:49	18:40	19:56
22	Сенбі	22 Наурыз	05:04	06:20	12:33	16:50	18:41	19:58
23	Жексенбі	23 Наурыз	05:02	06:18	12:33	16:51	18:42	19:59
24	Дүйсенбі	24 Наурыз	05:00	06:16	12:33	16:52	18:43	20:00
25	Сейсенбі	25 Наурыз	04:58	06:15	12:32	16:53	18:45	20:02
26	Сәрсенбі	26 Наурыз	04:56	06:13	12:32	16:54	18:46	20:03
27	Бейсенбі	27 Наурыз	04:54	06:11	12:32	16:55	18:47	20:04
28	Жұма	28 Наурыз	04:52	06:09	12:31	16:56	18:48	20:06
29	Сенбі	29 Наурыз	04:50	06:07	12:31	16:57	18:49	20:07

ЕСКЕРТУ:

- Оразаға ниет: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрыңғы және кейінгі күнеларымды кешір!



Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактордың уақытша

міндетін атқарушы:

Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:

Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-

Данияр БЕКОВ

Тілшілер-

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайнер-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші-

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.